



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне кейс-менеджмент  
стандарттарын енгізу мәселелері»**

**атты on-line ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

**On-line научной конференции**

**«Проблемы внедрения стандартов кейс-менеджмента в  
практику социальной работы»**

**PROCEEDINGS**

**On-line Scientific Conference**

**for students and young scholars**

**«Issues of implementation of standards and case  
management in social work experience»**

2019 жыл 11 сәуір

Нұр-Сұлтан

УДК 364

ББК 65.272

Ә 53

«Әлеуметтік жұмыс тәжірибіесіне кейс-менеджмент стандарттарын енгізу мәселелері» On-line ғылыми-тәжірибелік конференциясы

Международная научно-практическая On-line конференция: «Проблемы внедрения стандартов кейс-менеджмента в практику социальной работы»

On-line scientific-practical conference on «Issues of implementation of standards and case management in social work experience». <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2019. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

В сборнике представлены доклады преподавателей, магистрантов, докторантов, молодых ученых и студентов по актуальным вопросам профессиональной подготовки обучающихся по социальной работе в аспекте проблем внедрения стандартов кейс-менеджмента в практику социальной работы.

Для преподавателей и студентов по направлению подготовки «Социальная работа», практиков социальной защиты, а также всех интересующихся современными проблемами подготовки кадров высшей школы.

**Редакционная коллегия:**

Отар Эльмира Сәкенқызы - доктор PhD, и.о.доцента, заведующий кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Урузбаева Гаухар Тлеубердыевна - к.пед.н., доцент, и.о.профессора кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Есимова Динара Габиболлаевна - доктор PhD, и.о.доцента кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Исаханова Асель Алимахановна - доктор PhD, старший преподаватель кафедрой «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Исахова Гулазия Дуйсенхановна – магистр, старший преподаватель кафедрой «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Досмурзаева Динара Онгаровна – магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Манжугулова Айгерим Ерлановна – магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Капин Батина -магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Аубакирова Аягоз Каиртайевна - магистр, преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Шанбаева Гульназ Нурдыгуловна - магистр, преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

«Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша ОӘБ РОӘЖ. УМО РУМС по специальности «Социальная работа» . 6В10-7М10-7R10-8D09 Здравоохранение и социальное обеспечение (Медицина). 102- Социальное обеспечение.

## МАЗМҰН

1. **Умирзакова М.А., Бауыржан С.**  
Өмірдің қиын жағдайына түскен отбасы балаларына әлеуметтік қызмет көрсету .....5
2. **Зәкіртай Ұ.Н.**  
Әлеуметтік мекемелердегі қарттардың тынығу ерекшеліктері.....9
3. **Кажығалиева А.Б.**  
Балаларға арналған сенім телефоны әлеуметтік жұмыстың формасы ретінде.....13
4. **Қалдышева Т.Ж., Абдрашева Б.Ж., Сәрсен А.С.**  
Халықтың осал топтары арасында АИТВ инфекциясының таралуының алдын-алу бағдарламаларын жүзеге асыратын мекемелердегі әлеуметтік жұмыстың кейс-менеджменті.....19
5. **Қуатова А.С.**  
Еріктілер қызметі қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған қызмет ретінде.....24
6. **Нұрғабден Б.М.**  
Әлеуметтік қызметкердің лауазымдық нұсқаулығын құқықтық қатынастар негізінде жетілдіру қажеттілігі: ғылыми контекст.....30
7. **Умирзакова М.А.**  
Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуда отбаслық бизнесті дамыту жолдары.....35
8. **Абетова З.Т.**  
Инновации в образовании: социальные ожидания, установки студенческой молодежи.....42
9. **Асет Л.Е.**  
Кейс-менеджмент на уровне первичной медико санитарной помощи.....50
10. **Әбдікерова Г.О.**  
Әлеуметтік жұмыстың медико-әлеуметтік аспектілері.....54
11. **Уашева А. К., Құрақ Б. Ә.**  
Психикалық денсаулығында ауытқушылықтары бар адамдарды әлеуметтік-психологиялық оналту.....60

<b>12. Асет Л.Е.</b> Неблагополученная семья и проблемы внутрисемейных отношений.....	67
<b>13. Әлмұрат Д.Қ.</b> Интернеттің жастар психологиясына және өмір сүру салтына әсерін анықтау.....	80
<b>14. Байғабылов Н.О.; Мұсабаева А.Б.</b> Репатрианттармен әлеуметтік жұмыс жасау қажеттілігі бүгінгі күні талабы.....	86
<b>15. Берикболова У.Д.</b> Дисфункционалды отбасы: пайда болу себептері, ерекшеліктері, әлеуметтік қорғау шаралары.....	91
<b>16. Жандуллаев Ж. Т., Кәмен Д. Қ.</b> Әлеуметтік геронтология әлеуметтік жұмыстың бір бағыты ретінде.....	98
<b>17. Жұмабек С.</b> Қалалық көше жарнамасындағы мәселелерді және оны шешу шараларын талдау.....	102
<b>18. Коняхина А.А.</b> Профликатика социального сиротства: основные подходы.....	106
<b>19. Урузбаева Г.Т., Аубакирова А.К., Сатаева С.Х.</b> Модель технологии кейс-менеджмента в работе с лицами, страдающими от ожирения.....	111
<b>20. Урузбаева Г.Т.; Карим Ж.; Аубакирова А.К.</b> Учебно-методические основы обучения анализу кейс студентов будущих социальных работников.....	117
<b>21. Шингизбаева М. Н.</b> Балама жазалардың түрлері заңнаманы ізгілендіру тәсілі ретінде... ..	122
<b>22. Смагамбет. Б.Ж.</b> Қамқорлық – заманауи әлеуметтанудың объектісі.....	127
<b>23. Исахова Г.Д.</b> Қазақстандағы ажырасудың әлеуметтік экономикалық салдары: балаларға алимент төлеу бойынша мәселелер.....	131
<b>24. Исаханова А.А., Даулетова Д.М.</b> Социальная реклама в современных реалиях.....	136
<b>25. Урузбаева Г.Т., Аубакирова А.К., Аралбай А.А.</b> Технология CASE WORK как исследование идентификации клиента.....	140
<b>26. Аширбаева Ф.М.</b> Қазіргі заманғы көші қон мәселелері.....	145
<b>27. Отар Э.С.</b> Адаптация среднего класса Казахстана к постсоциалистической действительности.....	150

Для решения социальных проблем кейса в данной семье Любы, мы предложили студентам заполнить единую форму оценки ребенка и семьи, предложенную в пособии «Руководство по оценке и междисциплинарному ведению случая для оказания помощи детям и семьям, находящимся в социально опасном положении или в трудной жизненной ситуации» [1. стр.64-66].

Студенты индивидуально анализировали информацию на основе кейса фильма по разделу «Здоровье и безопасность», выделяли сильные и слабые стороны семьи, делали выводы и комментарии. Также, оценивали уровень функционирования семьи, представленный в фильме Р.Быкова «Я сюда больше никогда не вернусь», отмечая уровень «кризисный, неблагополучный, удовлетворительный, благополучный».

### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

3. Руководство по оценке и междисциплинарному ведению случая для оказания помощи детям и семьям, находящимся в социально опасном положении или в трудной жизненной ситуации.- СПб.: «Врачи детям», «Эвричайлд», 2008 г. стр.120

4. Стратегия кейс-стади в исследовании социальной политики. – В кн.Социальная политика и социальная работа в изменяющейся России/Под ред. Е.Ярской-Смирновой, П.Романова. –М.: ИНИОН РАН, 2002. стр.237-251.

5. Кейс-менеджмент в социальной работе на местном уровне. Справочник для работников системы здравоохранения, образования и социальной защиты. Детский фонд ООН (ЮНИСЕФ) в РК. Астана, 2012 г. стр. 1-53

### **БАЛАМА ЖАЗАЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ – ЗАҢНАМАНЫ ІЗГІЛЕНДІРУ ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ**

**Шингизбаева М. Н.**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,  
Әлеуметтік жұмыс 1-курс магистранты  
Қазақстан, Нұр-Сұлтан.

XXI ғасыр адам құқықтарын құрметтеп оларды бір сатыға жоғары қоятын, ескі қолданыстағы практикадан тыс, тиімді және нәтижелі жаза түрлері туралы мәселелерді алға қоюды талап етеді. Бас бостандығынан айырудың балама жазалары қазіргі таңда пенитенциарлық жүйенің маңызды

бір бөлігі болып табылады, өйткені түрмеде жазалау – қылмысқа қарсы күресудің тиімді әдісі емес, сондай-ақ, сотталған адам үшін ғана емес жалпы қоғам үшін де теріс әлеуметтік зардаптарға ие.

Көптеген ауыр қылмыс жасамаған қылмыскерлерді түрмеге қамау – адекватты қылмыстық саясат та, мемлекет үшін лайықты таңдау да емес. Осының салдарынан қоғамдық байланыстардың бұзылуы, халық денсаулығының және қоғамның моральдық ахуалының нашарлауы пайда болады. Бұл мәселенің экономикалық аспектісі де үлкен маңызға ие.

Жазалардың баламалы түрлерін пайдалану саласын кеңейту сотталғандарды ұстап отыруға кететін шығындарды үнемдеу, бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдардың санын қысқарту тарапынан ғана емес, сонымен қатар мемлекет жүргізіп отырған қылмыстық саясаттың негізгі бағыты ретінде де қаралады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің деректері бойынша бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандардың саны жыл санап азайып келеді. Оң өзгерістерге қарамастан сотталушылардың басым бөлігі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің баптарына сәйкес қоғамнан оқшауланып жатыр. Әйтсе де ол баптар ауыр емес және орташа дәрежедегі қылмыскерлерді қоғамнан оқшауламай жазалауға мүмкіндік беретін басқа да жаза түрлерін қарастырады. Мұндай жағдайда бас бостандығынан айырудың балама жаза түрлерін қолдану – сотталғандардың санын азайтуда әлдеқайда жақсы нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді.

Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалауды жүзеге асырудағы әлемдік тәжірибе қоғамдық жұмыстар сияқты қылмыстық-құқықтық шаралардың үлкен үлесін көрсетеді. Бұл жаза түрі әртүрлі мемлекеттерде өте танымал, Қазақстан Республикасында да заңнамалық деңгейде танылған.

Бұл жұмысты жүргізу заңнаманы ізгілендірудің жалғасы болды, 2003 жылы өлім жазасына енгізілген мораторий осы бағыттағы елеулі және маңызды қадамдардың бірі болатын [1].

«Балама жаза» термині жазалаудың тиімділігін арттыру мақсатында қылмысқа қарсы күрестің негізгі құралы ретінде жақында пайда болды. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің 2018 жылғы халыққа жолдауында азаматтардың конституциялық құқықтарының кепілдіктерін нығайту, құқық үстемдігін қамтамасыз ету және құқық қорғау қызметін ізгілендіруді жалғастыру қажеттігін атап өтті [2].

Осылайша 2000 жылдың 5 мамырындағы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы арқылы қоғамдық жұмысқа тарту жазасы енгізілді. Қазіргі уақытта бүкіл ел аумағында қылмыстық-атқару инспекциясын реформалау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оның басты бағыты бас бостандығынан айыру жазаларын балама жазаларға ауыстыру аясының кеңейтілуі, бас бостандығынан айыру орындарында қылмыстық-

атқару заңнамасын және құқық қолдану практикасының одан әрі жетілдірілуі.

Отандық жазалау жүйесінің бастамашылары шетелдік тәжірибелерге жүгінеді. Алғаш рет балама жаза түрлері 1971 жылы Швейцарияның қылмыстық кодексіне енгізілді және 7-18 жас аралығындағы кәмелет жасқа толмаған құқық бұзушыларға ғана қатысты болды. Кейіннен қоғамдық жұмыстар кәмелет жасына толмағандар үшін негізгі жаза түрі ретінде қолданылса, кейбір мемлекеттерде ересектерге қосымша жаза ретінде тағайындала бастады. Осылайша Швейцария қоғамдық жұмыстарды негізгі жаза түрі ретінде мойындаған батыс-еуропалық алғашқы мемлекет болды. Қазіргі уақытта қоғамдық жұмыстар Швейцария, Италия, Люксембург, Нидерланды, Финляндия, Португалия, Шотландия, Чехия, Канада, АҚШ және басқа да елдерде қолданылып келеді.

Бас бостандығынан айыру жазаларына балама жазалар іздеудің тағы бір қажеттілігі – түрмелердегі адамгершілікке жатпайтын сипаттар. Бас бостандығынан айыру режимі жазалау механизмінің негізгі элементі - жүріп-тұру және өз уақытын, қабілеттері мен мүмкіндіктерін басқару бостандығын шектеу. Бұл режим жазаны өтеу процесінде сотталғанның барлық тіршілік әрекетіне зиянды із қалдырады. Бас бостандығынан айырудың мазмұны, кез келген басқа жаза сияқты, оның объектісі, яғни ықпалға ұшырайтын жеке адамның конституциялық-құқықтық мәртебесімен айқындалады. Қаралып отырған жаза түрі сотталғанның жеке құқықтарына қол сұғушылық болып табылады. Басқаша айтқанда, бас бостандығынан айыру оның құқықтық мәртебесін үш бағыт бойынша айтарлықтай өзгертеді:

- 1) жазаны өтеу кезеңінде кейбір құқықтар мен бостандықтардан адам мүлдем айрылады (мысалы, еркін жүріп-тұру және өзін иелену құқығынан, сайлау құқығынан, тұрғылықты жерін таңдаудан);
- 2) кейбір құқықтардан да сотталған адам шектеледі (мысалы, жеке басына қол сұғылмаушылық, жеке өміріне қол сұғылмаушылық, жеке құпия, хат жазысу, телефон арқылы сөйлесу, пошта, телеграф және өзге де хабарламалар құпиясы);
- 3) ақыр соңында, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жүрген адамға мінез-құлық қағидаларында айқындалатын ерекше міндеттер мен құқықтар беріледі:
  - міндетті түрде тұрмыстық, тұрғын және қызметтік үй-жайлар мен жұмыс орындарын таза ұстауға, белгіленген үлгі бойынша төсектерді толтыруға, жеке гигиена ережелерін сақтауы тиіс; түзеу мекемесінің объектілерін күзету желісін бұзуға, өзімен бірге түрлі заттарды ұстауға, өзіне және басқа адамдарға татуировка салуға, жануарлар мен құстарды ұстауға, коммуналдық-тұрмыстық және басқа да қызметтік үй- тұрғын жайларда рұқсатсыз жатын орындарын ауыстыруға тыйым салынады;
  - жазадан тыс құқықтық реттеуге жатпайтын құқықтармен, мысалы, қысқа және ұзақ уақтылы кездесулермен және белгілі бір мөлшердегі сәлемдемемен ғана шектеледі;

Көріп отырғанмыздай, қоғамнан оқшаулаумен ұштасқан жазаны өтеу жеке адамға елеулі зиян келтіреді, бұл ретте ешнәрсе түзелмейді, керісінше, қоғам тарапынан шеттетіледі және жазасын өтеп шыққан адамның өзі постпенитенциарлық бейімделе алмайды.

Токия Ережесінде бас бостандығынан айырумен байланысты емес шараларды пайдалануға жәрдемдесу үшін негізгі қағидаттар жиынтығы қамтылған, сондай-ақ онда мүше мемлекеттер қылмыстық сот төрелігі саласындағы басқа мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және саясатты ұтымды ету мақсатында өздерінің құқықтық жүйелері шеңберінде түрмеге қамауға алумен байланысты емес шараларды әзірлейтіндігі атап өтілді [3, б. 117].

Менің ойымша балама жазаларды қолдану – азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз етудің негізгі және бірегей факторына қызмет ететін болады.

Соңғы үш жылда сот төрелігін жүзеге асыру туралы статистикалық деректерді талдай отырып, балама жазаларды қолданудың тұрақтылығы туралы қорытынды жасайық.

2017 жылдың бірінші жартыжылдығында бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларға сотталғандардың 53,3%, 2016 жылы 62,8%, 2015 жылы 61,6% тартылды [4]. Және бұл үрдіс жалғасуы керек деп санаймын. Баламалы жаза шаралары қылмыс жасаған адамдардың барлығына қатар қолданылмайды. Мұнда қылмыстық құқық бұзушылық жасаған әрбір азаматқа қылмыстық жауаптылықтың нақты шаралары жеке-дара айқындалатынын ескеру қажет.

Қолданылатын жаза кінәлінің әлеуметтік жағдайына, сондай-ақ жасалған қылмыстың ауырлығына және туындаған зардаптарға толық көлемде сәйкес келуі тиіс.

Бұдан басқа, баламалы жазалар шарасы тиімді әрі сотталған адамға түзетуші әсері болуы қажет, сотталғандар үшін де тұтас қоғам үшін де ескерту және қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын алу құралы ретінде болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінде айыппұл мөлшерінің өзі және оны қолдану аясы кеңейтілді (іс жүзінде барлық ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс түрлері, сондай-ақ кейбір ауыр және адам өліміне байланысты емес аса ауыр қылмыстар).

Сотталғандарды тұрақты жұмыс орны бойынша жұмыстан мемлекет кірісіне белгілі бір ақшалай өндіріп алуды шегере отырып, еңбекке тарту, яғни түзету жұмыстары да кеңінен таралған.

Ал бас бостандығынан шектеу – онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстарға, сондай-ақ ауыр қылмыстардың кейбір түрлеріне қолданылады. Жазаның бұл түрі сотталғанның пробациялық бақылауда болуын және қоғамдық жұмыстарда зерделенуін білдіреді.

Қоғамдық жұмыстар қандай да бір саралауды талап етпейтін тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындаудан тұрады. Өз кезегінде, сипаты бойынша сотталғандарға түзеу шарасы ретінде еңбекті пайдалануға байланысты профилактикалық әсер етеді.



Айыппұлдың қолданылу аясы кеңейтілу керек, барлық кінәлі тұлғаларға және қылмыстың кез-келген түріне тағайындала алады және ол балама жазаның неғұрлым тиімді әрі қолайлы түрі болып табылады деп есептеймін. Сонымен қатар, профилактикалық әрі түзету шарасы ретінде де қызмет атқара алады.

Сотталғандардың бас бостандығынан айырылмауы және өз құқықтарын толық көлемде пайдалана және іске асыра алуы – балама жазалардың ең оңтайлы және ұтымды жақтары болып табылады.

Кодексте жазаны орындамайтын адамдарды жауапкершілікке тарту тетігі көзделген.

Мәселен, қылмыстық заңға сәйкес баламалы шараларды орындаудан жалтарған жағдайда, олар неғұрлым қатаң жазаға ауыстырылады: айыппұл және түзету шаралары, оның ішінде: қоғамдық жұмыстарға, қамауға алынуға немесе бас бостандығынан айыруға, қамауға алуға арналған қоғамдық жұмыстарға, бас бостандығын шектеуден бас бостандығынан айыруға дейін [5].

Аталған шаралар тізімі ескерту сипатына ие болады және азаматтарды жазаларды уақтылы орындауға және олардан жалтаруға жол бермеуге ынталандыруы тиіс.

Мысалы, Ұлыбританияда айыппұл, өтемақы және тәркілеу; АҚШ-та айыппұл, тәркілеу, реституция қолданылады [6, б. 84-89, 221-226]. Ал Францияда айыппұл, конфискация, қоғамдық пайдалы жұмыстар, қылмыстық-құқықтық мәжбірлеу (шартты түрде соттауға ұқсас); Жапонияда ақшалай айыппұл, шағын айыппұл және тәркілеу көзделген [7, б. 97-100, 248-250].

Келтірілген мысалдардан шет елдердің баламалы жаза түрлерінің көпшілігі қаржылай жазаға жататыны көрініп тұр. Ал Қазақстанның қолданысындағы заңнамада ақшаға қатысы жоқ жазалар бар, бұл сотталушылардың материалдық жауапкершілігіне жүгінбей әділ жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді.

Осылайша, Қазақстанның қолданыстағы ұлттық заңнамасында қылмыстық жауапкершілікке тартудың балама шаралары ретінде пайдалануға болатын жазалардың кең спектрі көзделген.

Қылмыстық заңға енгізілген өзгерістер, сондай-ақ соңғы жылдардағы жүргізіліп жатқан бағдарламалық жұмыс бас бостандығынан айыруға нақты балама жасауға және жаза тағайындау тәжірибесіне оң ықпал етуге және репрессивті төмендетуге мүмкіндік береді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Указ Президента Республики Казахстан «О введении в Республике Казахстан моратория на смертную казнь» от 17.12.2003г
2. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері. Жолдау Қазақстан Республикасы президентінің 10 қаңтардағы 2018 жылғы. Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1800002018>.

3. Біріккен Ұлттар Ұйымының қылмыстылықтың алдын алу және қылмыстық сот төрелігі саласындағы стандарттары мен нормаларының жинағы, Нью-Йорк, 2007г. – 396с.

4. Соттардың қызметі туралы, оның ішінде республика соттарының сот төрелігін іске асыру жағдайы туралы талдамалық баяндамалар мен ақпараттық сипаттағы шолулар. Кіру режимі: <https://sud.gov.kz/rus/content/analiticheskie-doklady-i-obzory-informacionnogo-haraktera-o-deyatelnostisudov-v-tom-chisle>.

5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226>

6. Шет елдердің қылмыстық құқығы. 3 Т. 1 Том. Жалпы бөлім. Англия. АҚШ: бакалавриат және магистратураға арналған оқулық / отв. мағлұмат Е. Крылов. – 5-ші басылым., перераб. и доп. – М.: Баспасы Юрайт, 2017. – 240 с.

7. Шет елдердің қылмыстық құқығы. 3 Т. 2 Том. Жалпы бөлім. Франция, Германия. Италия. Жапония: бакалавриат және магистратураға арналған оқулық / отв. мағлұмат Е. Крылов. – 5-ші басылым., перераб. и доп.– М.: Баспасы Юрайт, 2017. – 263 с.

## **ҚАМҚОРЛЫҚ – ЗАМАНАУИ ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ ОБЪЕКТІСІ**

**Б.Ж.СМАҒАМБЕТ,**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

ә.ғ.к., доцент

Қазақстан, Нұр-Сұлтан.

Заманауи әлеуметтанудағы өзекті мәселенің бірі - күтім және күтім жұмысы. Әлеуметтану алаңында адам күтімі және күтім жұмыстарының саналуан саласын ұйымдастыруда ағымдағы және болашақтағы түбегейлі өзгерістерді талда-саралаудың ғылыми-практикалық қырларының жан-жақты зерттелуі қажеттігі тұжырымдалып отыр.

Осы саланы зерттеу барысында назар аударылуы тиіс бағыттар – «күтім саласының жаңа нарығы, дене (сымбат) маркетингизациясы, отбасылық және гендерлік тетіктердің өзгерістері, көпші-қон және жаһандық әлеуметтік көмек жүйелерінің заманауи капитализм және жыныс, нәсіл пен тап қатынасымен біте қайнасып жатуы» деп көрсетіледі *Жаһандық Диалог* журналының 2018 жылғы екінші шығарылымындағы кіріспе сөзде. Осы нөмірдегі мақалалар топтамасы «*Үй Қызметкерлері Құқықтарын Зерттеу Желісімен* бірге осы сектордағы еңбек ахуалын жақсарту үшін табысты жұмыс жасап жүрген әлеуметтанушылар мен белсенділердің ықпалды халықаралық бастамасымен» таныстырады.

Әлеуметтанушылар қамқорлықтың әлемдік дағдарысы туралы айта отырып, оның себептерін көрсетуде. Мысалы, Хайди Готфрид, Дженнифер